

3. Годунова Е.А., Рождественская Л.В. Многомерный взгляд на мир, или STEM, STEAM, STREAM подходы в образовательной практике // Годунова Е.А., Рождественская Л.В. [Электронный ресурс]: режим доступа: <http://edugalaxy.intel.ru/index.php>

## ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ БЕРУДЕГІ АТА-АНА РӨЛІ

*Әзім Айгерім Бахтиярқызы,*  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, магистрант,  
*Сламбекова Толқын Сламқуловна,*  
педагогика ғылымдарының докторы, профессор міндетінат қарушы,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет,  
Нұр-Сұлтан қ.

### Аннотация

Қазіргі таңда әлеуметтік-мәдени құндылықтар негізінде білім беру мәселесі өте өзекті. Сол себепті мақалада әлеуметтік-мәдени құндылықтар негізінде білім берудің негізгі тәсілдері мен бағдарламалары жан-жақты қарастырылған.

Зерттеу барысында «Қашықтан оқыту баланың бойындағы әлеуметтік-мәдени құндылықтарды арттыруда қандай мәселелер тудыруы мүмкін?»; «Қашықтан оқыту жағдайында білім берудегі ата-ана рөлі қандай?» сауалдарына жауап ізделіп, ата-ананың баланың алдындағы жауапкершілігі мен материалдық тұрғыдан қамтамасыз етуі секілді міндеттері айқындалған.

**Түйінді сөздер:** әлеуметтік-мәдени құндылықтар, қашықтан оқыту, ата-ана рөлі, білім беру, мәдениет.

### Аннотация

В настоящее время проблема образования на основе социокультурных ценностей очень актуальна. Поэтому в статье подробно рассмотрены основные подходы и программы образования на основе социокультурных ценностей.

В ходе исследования были найдены ответы на вопросы «какие проблемы может вызвать дистанционное обучение в повышении социокультурных ценностей у ребенка?»; «Какова роль родителей в образовании в условиях дистанционного обучения?», также определены такие обязанности родителей, как ответственность перед ребенком и материальное обеспечение.

**Ключевые слова:** социокультурные ценности, дистанционное обучение, роль родителей, образование, культура.

### Abstract

Currently, the problem of education based on socio-cultural values is very relevant. Therefore, the article describes in detail the main approaches and programs of education based on socio-cultural values.

In the course of the study, answers were found to the questions «what problems can distance learning cause in raising socio-cultural values in a child?»; «What is the role of parents in education in the context of distance learning?», as well as such responsibilities of parents as responsibility to the child and material support.

**Keywords:** socio-cultural values, distance learning, the role of parents, education, culture.

Баланы ғылымның, өнердің, тарихтың, қоғамның құндылықтарымен таныстырып, оның әлеуметтік-мәдени құзіреттілігін қалыптастыру – білім берудегі негізгі міндет. Яғни, білім беру дегеніміз – қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалды, мәдени дамуында және кәсіптік біліктілігінде жоғары деңгейге қол жеткізуді мақсат ететін тәрбие мен оқытудың үздіксіз процесі.

Ғылыми-педагогикалық тұрғыдан алсақ, адамның әлеуметтік-мәдени құндылықтарды игеруі негізінде білім беру процесін іске асыратын бірнеше тәсілді бөліп көрсетуге болады, соның бірі – *культурологиялық әдіс*. Ол адамзат өркениетінің мол мұрасын стихиялық және мақсатты білім беру процесінде жалпы адамзаттық, ұлттық және жеке тәжірибені біріктіру арқылы дамытуға бағытталған [3].

Қазіргі таңда әлеуметтік-мәдени құндылықтар негізінде білім беру мәселесі негізгі міндет ретінде қарастырылуда. Себебі баланың бойына осы құндылықтарды сіңіру арқылы қоғамның саналы, жеке көзқарасы қалыптасқан, тарихын терең түсініп, болашағына нық сеніммен аяқ басатын, патриот мүшесі қалыптасады және бұл міндет тек педагогтердің ғана емес, ата-ананың да тікелей жауапкершілігінде. Ескере кететін жайт, әсіресе бүгінгі таңда пандемияға байланысты қашықтан оқыту жағдайында әлеуметтік-мәдени құндылықтар негізінде білім берудегі ата-ана рөлі айтарлықтай үлкен.

Осы 2020-2021 оқу жылында еліміздің орта білім беру ұйымдарында оқу процесіне «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын іске асыру арқылы баланың бойына құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәсіл енгізілді [1]. Бұл бағдарлама білім алушылардың жалпы адамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарын дамытуға, олардың рухани-адамгершілігі мен экологиялық мәдениетін өсіруге және салауатты өмір салтына баулуға бағытталған.

Аталған бағдарлама білім алушылардың өзін-өзі тануы мен дамытуына көмектесіп, әлеуметтік жауапкершілігі мен әлеуметтенуін қалыптастыруға негізделген. Әлеуметтік-мәдени құндылықтар негізінде білім беру процесіндегі ең маңызды бағдарлама және әсер етуші фактор ретінде оның бағыттары мен нақты жобаларын толығырақ қарастырып өтейік.

Тәрбие әдістемесінің негізгі мазмұнын жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, еркіндік, мейірімділік, махаббат және т.б.) және ұлттық құндылықтар (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, Ана тілі, заңға құрмет, этникалық мәдениет, дәстүрлер және т. б.) құрайды.

Бағдарлама бойынша тәрбие жұмысы мына бағыттар арқылы жүзеге асырылады:

1) **Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие:** қазіргі уақытта тәрбие жұмысында Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалалары негізге алынады. 2020-2021 оқу жылында «Туған елге тағзым» жалпыреспубликалық экспедициясын қамтитын «Ұлы дала мұрагерлері» жобасы, қалалар мен ауылдардың, көшелер мен мемлекеттің дамуына үлес қосқан тұлғалардың тарихын зерделеуге бағытталған «Тарих тағылымы» және ақындар, жыраулар, күйшілер шығармашылығы арқылы ұлттық фольклорды зерттеуге негізделген «Қазақ мәдениетінің антологиясы» әлеуметтік жобалары жалғасады.

Патриоттық тәрбие беру шеңберінде жаңа оқу жылында Ұлы Отан соғысындағы 75 жылдық Жеңіске арналған нақты және маңызды патриоттық іс-шараларды өткізу жөніндегі жұмысты жалғастыру маңызды екенін айта кеткен жөн. Атап айтқанда – Отанымыздың тәуелсіздігі үшін күресте қаза тапқандарды мәңгі есте сақтау бойынша іс-шаралар, ардагерлермен кездесу, көрмелер, әскери-патриоттық әндер конкурстарын өткізу, бейнефильмдер көрсетілімі, ҰОС қатысушыларының туыстары, жерлестері туралы материалдар дайындау, әлеуметтік акциялар және т.б.

## 2) **Рухани-адамгершілік тәрбие:**

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы шеңберінде арнамыс пен қадір-қасиеттің, Отанға адал қызмет ету туралы сабақтарды өткізу рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етеді.

Өскелең ұрпақтың адамгершілік-рухани және мәдени құндылықтарын қалыптастыру және дамыту «Туған жер», «Қазақстанның киелі географиясы», «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет», «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық», «Мемлекеттік тілдің латын әліпбиіне көшуі» жобалары арқылы жүзеге асырылады.

2020-2021 оқу жылында білім алушылар арасында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру мақсатында ұйымдастырылатын оқу сағаттары дәстүрлі түрде жалғаса-

ды. Ұсыныс ретінде мұғалімдерге сабақты бастамас бұрын күн сайын әдебиеттерді оқуға кеңес беріледі.

Қашықтан оқу жағдайын ескере отырып, кітаптарды электрондық форматта, соның ішінде мобильді құрылғылардың көмегімен оқу үшін мүмкіндіктер жасау, кітап оқуғажас оқырмандарды қызықтырып, тарта алатын жаңа электрондық ресурстарды дамыту қажеттігін айта кету керек.

### **3) Ұлттық тәрбие:**

Ұлттық тәрбие аясында құндылықтар жүйесін қалыптастыру оқушылардың қазақ тілін меңгеруі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік атрибуттары мен мемлекеттік рәміздерін білуін тексеру мақсатында конкурстар мен олимпиадалар өткізу; әрбір мектепте мұражай ашу; көрнекті тұлғалардың, даңқты спортшылардың, ғалымдардың, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпаздарының білім алушылармен кездесуін ұйымдастыру; сондай-ақ өңірлердегі тарих объектілерде мектеп оқушылары үшін Өлкетану бойынша тақырыптық сабақтар өткізу арқылы жүргізіледі.

Бұл бағыт бойынша балалар-жасөспірімдер туризмін дағытып, экспедициялар, жорықтар, экскурсиялар ұйымдастыратын «Менің Отаным – Қазақстан», «Тарих мұрасы» жобаларын, өлкетану, мектеп туризмін арттыру, тарихи-археологиялық қозғалыс, туған өлкенің тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін тереңірек зерделеу арқылы «Туған жеріңді таны» жобасын жүзеге асыру ұсынылады.

### **4) Отбасылық тәрбие:**

Бала тәрбиесінде отбасы институтының маңызы жоғары. Мемлекет әр отбасын сақтауға, нығайтуға мүдделі, өйткені әр адам қанша жаста болса да берік, сенімді отбасына мұқтаж. Алайда, бүгінде ажырасулар, тіркелмеген некелер саны артып келеді, ана мен әке болудың рөлі төмендеуде, қазіргі жастарда отбасын құрудағы құндылықтар өзгеріп, маңызы жойылып барады. Осындай отбасылық мәселелерді шешудегі маңызды құралдардың бірі – өскелең ұрпақтың тәрбиесі, олардың құндылықтарын өзгерту. Әр шаңырақтағы отбасылық нақты құндылықтар жүйесінің болуы – болашақта Отбасы институтының сапасын көтеруге кепіл бола алады.

Айта кетейік, «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасы шеңберінде мектептерде «Ата мектебін», «Әже мектебін», «Әке мектебін», «Ана мектебін», «Аға мектебін», «Жеңге мектебін» құру қажет. Бұл мектептерді құрудың мақсаты – бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру. Балалардың адамгершілік және әлеуметтік тәрбиесіндегі отбасының рөлі әрқашан өте маңызды болды, себебі ата-аналар балаларының этика мен мораль бойынша алғашқы мұғалімдері. Сондай-ақ, ата-бабамыз «Ұяда не көрсен – ұшқанда соны ілерсің» деп бекер айтпаса керек, балалар ата-анасынан үлгі алатыны белгілі. Сондықтан ересектердің ең алдымен өзін-өзі тәрбиелеп, үйде, мектепте және қоғамда жағымды қасиеттері арқылы үлгі болғаны жөн.

Ғылыми мақаланың негізгі өзегі ретінде қашықтан оқыту жағдайында әлеуметтік-мәдени құндылықтар негізінде білім берудегі ата-ана рөлі қарастырылып отырғандықтан, осы мәселені кеңінен қарастырып өтейік. Пандемия жағдайына байланысты оқушыға білім мен тәрбие беруде ата-ананың рөлі бұрынғыдан екі есе артқаны белгілі, себебі ата-ананың бұл орайда тек рухани ғана емес, материалдық тұрғыдан да рөлі өсіп, баланың алдындағы жауапкершілігі бірнеше есеге артты.

Қашықтан білім беруді жоғары деңгейде жүзеге асыру үшін білім беру процесінің барлық қатысушыларынан, оның ішінде ата-анадан барынша қолдау талап етілетіні сөзсіз.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 49 бабына сәйкес ата-аналар (заңды өкілдер) балалардың өмірі мен білім алуы үшін ыңғайлы және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың интеллекті мен дене күшінің дамуын, адамгершілік қасиетінің қалыптасуын қамтамасыз етуге міндетті [2].

Осы бапқа сәйкес білім алушылардың ата-аналары (заңды өкілдері):

- балаға қашықтықтан оқыту режиміне жауапкершілікпен қараудың маңыздылығы мен қажеттілігін түсіндіруге міндетті.

- балаға уақытын тиімді пайдалануға, онымен бірге күн тәртібін, оқу уақытын жүйелеуге, тақырыпты игеруде оған қандай көмек қажет болуы мүмкін екенін талқылауға көмектесуге міндетті. Яғни бір күнге жоспарланған тапсырмаларды жаздыру өте маңызды. Бұл балаға оқу уақыты мен процесін оңай басқаруға мүмкіндік береді;

- үй жағдайында оқу үшін жағдай жасау (ыңғайлы жұмыс орны, интернет, компьютер, оқулықтар, бейне-сабақтар, ТВ-телесабақтар, білім беру платформалары және білім беру порталдары және т.б. арқылы сабақтарды қарау).

Үй жағдайында:

- жайлы психологиялық атмосфераны (тыныштық, барлық отбасы мүшелерінің ізгі ниеті), санитарлық-гигиеналық режимді құру, сондай-ақ оқушының демалысын қамтамасыз ету;

- білім алушылардың үй тапсырмаларын орындауын үнемі қадағалауды жүзеге асыру, осыған байланысты қашықтан өтетін ТВ-сабақтар мен онлайн сабақтардың кестесімен танысу;

- үй тапсырмаларын орындауда қолдан келгенше көмек көрсету (меңгерілген мәтінді, терминдерді, оқылған әңгімелердің мазмұнын тыңдау, диктант жазғызу, сұрақтарға ауызша жауаптарды тексеру және т. б.) керек.

- электронды журналдар мен [kundelik.kz](http://kundelik.kz), [bilimal.kz](http://bilimal.kz), [mektap.edu.kz](http://mektap.edu.kz) күнделіктері және WhatsApp, Telegram чаттары арқылы сынып жетекшісімен және пән мұғалімдерімен тұрақты байланыс орнату. Бұл баланың білім алуы қаншалықты тиімді жүзеге асып жатқанын бақылауға алуға көмектеседі. Ал сынып жетекшісі ата-аналарды (заңды өкілдерді) қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып оқыту процесі туралы, кестедегі өзгерістер туралы, білім алушыларға кері байланыс беру туралы, оқу барысы мен оқу нәтижелері туралы, білім алушылардың өзіндік жұмысы үшін жағдай жасау қажеттілігі туралы хабардар етеді.

Баланы қашықтықтан оқытудың тиімді жүзеге асуы көбінесе баланың жұмыс орнының ыңғайлылығына, күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылуына және ата-аналардың балаларға моральдық-психологиялық қолдау көрсетуіне тікелей байланысты. Сол себепті қашықтан оқытудағы ең негізгі құрал ретінде техникалық жабдықтаудың маңызын да атап өтейік: оған баланың жұмыс үстелі, бөлменің тиісті деңгейдегі жарық болуы, кітаптармен, тыныш бөлмемен қамтамасыз ету кіреді.

Жұмыстың негізгі бөлімінде қарастырып өткеніміздей, қашықтықтан оқыту жағдайында элеуметтік-мәдени құндылықтар негізінде білім беруді сапалы жүзеге асыруға бірнеше факторлар әсер етеді. Яғни білім беру сапасына әсер ететін екі тарап бар:

- бірі мектеп: сапалы оқыту бағдарламасы, мұғалімдердің жауапкершілігі мен тәрбие жұмысының дұрыс әдістер арқылы жүзеге асырылуы болса;

- екінші тарап – ата-ана: ата-ананың құндылықтарды сіңірудегі жауапкершілігі, балаға психологиялық тұрғыдан көмек көрсетуі, керек құралдармен, кітаппен, техникамен, ыңғайлы жұмыс орнымен қамтамасыз етуі, яғни рухани да, материалдық та 100% қолдау.

Осы ең негізгі екі тараптың бірі өз функциясын атқаруда осал болатын болса, онда бұл факторлар баланың тек элеуметтік-мәдени құндылықтар негізінде білім алуында ғана емес, жалпы толыққанды білім алуына үлкен кедергі келтіретін болады.

Бала білім берудің бұрын соңды болмаған жаңа түріне тап болып отырғандықтан көптеген балалар үшін бұл қатты эмоционалды стресске алып келуі мүмкін. Сондай ақ осының әсерінен оқытудың жаңа жағдайларына бейімделу проблемасы туындайды.

Ата-аналардың міндеті – баланың өз қабілеттеріне деген сенімін нығайтып, баланың жаңа нәрселерді үйренуге деген ынтасын көтеру, яғни ата-ана міндетті түрде оқу процесіне тиісті деңгейде қызығушылық танытуы тиіс.

Баланың әлеуметтік-мәдени құндылықтар негізінде білімін арттыру үшін ата-ана да жоғарыда атап-өткен *патриотизмді дамыту, рухани-адамгершілік тәрбие және ұлттық тәрбие* бойынша жан-жақты сауатты болуы тиіс.

Түсінгеніміздей, білім берудің нәтижесін алу үшін балалардың жағымды эмоционалды жағдайын барынша жақсарту керек. Бұл мәселеде мұғалім онлайн ғана байланыста болғандықтан, жауапкершілік пен міндеттің көп бөлігі ата-анаға ауысады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, қазіргі таңда әлеуметтік-мәдени құндылықтар негізінде білім беру мәселесі күн тәртібіндегі негізгі мәселелердің бірі десек те болады. Себебі баланың бойына осы құндылықтарды сіңіру арқылы қоғамның саналы, жеке көзқарасы қалыптасқан, тарихын терең түсініп, болашағына нық сеніммен аяқ басатын, патриот мүшесі қалыптасады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Государственная программа развития образования и науки РК на 2016-2019 годы и проект до 2025 года (Раздел I. Обеспечение интеллектуального, патриотического, духовно-нравственного и физического развития обучающихся в условиях глобализации).
2. Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года (статья 49).
3. Научная статья «Образование как социокультурная ценность» – Тулузакова Марина Валентиновна, 2019.

### **ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ЦИФРОВОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ИСТОРИИ**

*Байгенжинова Карина Асланбековна,*  
магистрант кафедры педагогики и психологии,  
научный руководитель: *Бежина Виктория Валерьевна,*  
доктор философии (PhD), к.п.н.,  
ассоциированный профессор кафедры иностранных языков,  
Костанайский региональный университет им. А. Байтурсынова, г.Костанай

#### **Аннотация**

Өзектілігі. Цифрлық экономика мен цифрлық білім беруді құру және дамыту – жетекші позицияларға ие елдерде ғана емес, сонымен қатар Қазақстан Республикасында да мемлекеттік саясаттың маңызды басымдығы.

Мақсаты: болашақ тарих мұғалімдерінің сандық құзіреттілігін қалыптастыру процесі қандай екенін анықтаңыз

**Түйінді сөздер:** құзыреттілік, байланыс технологиялар, кәсіби құзыреттілік, оқу процесі.

#### **Аннотация**

Актуальность. Построение и развитие цифровой экономики и цифрового образования – являются важным приоритетом государственной политики не только в странах, занимающих передовые позиции, но и Республики Казахстан.

Цель: определить, что представляет собой процесс формирования цифровой компетентности будущих учителей истории

**Ключевые слова:** компетентность, коммуникационные технологии, профессиональная компетенция, образовательный процесс.

#### **Abstract**

Relevance. The construction and development of the digital economy and digital education are an important priority of state policy not only in the countries that occupy leading positions, but also in the Republic of Kazakhstan.

Goal: determine what is the process of forming the digital competence of future history teachers.

**Keywords:** competence, communication technology, professional competence, educational process.